

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Ақкөл орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік коммуналдық мекемесі

БҰЙРЫҚ №18-ш/к

11 тамыз 2021 жыл

Ақкөл ауылы

**Мектепте 2021-2022 оқу жылының
басталуы туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №17669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және Алматы облысы білім басқармасының 2021 жылғы 30 шілдедегі №462 бұйрығына сәйкес және аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 10 тамыздағы №111-н бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2021-2022 оқу жылының басталу мерзімі 2021 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін. (1-қосымша)

1) оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12) – сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

2) оқу жылы ішіндегі каникулдар:

3) 1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 5-7 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);

1-сыныптарда: қосымша каникул - 7 күн (2022 жылдың 7-13 ақпан аралығында).

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Мектеп директоры



К.Сарсенбаева